

## Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 18-04/17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 ақпанда № 10266 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 16 қаңтардағы  
№ 18-04/17 бұйрығымен  
бекітілген

## Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 21.11.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Балық аулау құралдарының атаяу	Аулау тәсілі	Колдану мерзімі
1 Тарay. Балық аулаудың кәсіпшілік құралдары			
1.	Желбезекті құрма аулар	Аулау тәсілі қазықтың, зәкірдің көмегімен торлы қабырға түріндегі аулау құралын балықтардың қозгалу жолына қою арқылы жүзеге асырылады. Торлы қабыргалардан өтпекші болған балықтар торлы үяшықтарда тұрып қалады (үяшықтайды).	шектеусіз
2.	Желбезекті ығызба аулар	Балық аулау тәсілі жұмыстық жағдайда өзен ағысымен қалқып, жолда кездескен балықты аулауга (үяшықтауга) негізделген.	шектеусіз
3.	Дрифтерлі ау	Балық аулау тәсілінің бұл түрі ағыс немесе жел қозгалысы бар дрифтерлік (калқымалы) аулар жұмыстық жағдайда нашар ағысы бар су айдынында қалқып, оған жакындаған балықты аулаумен сипатталады.	шектеусіз
4.	Коршайтын ау	Балық аулау балықтың торлы қабыргамен толық немесе жартылай қоршалуына негізделген.	шектеусіз
5.	Жібінің диаметрі 0,5 миллиметрден кем және үяшықтарының мөлшері 100 миллиметрден кем (торының конструктивтік адымы 50-миллиметрден кем) синтетикалық нейлондық немесе басқада полiamидті моножіптен және басқада синтетикалық моножіптен машина тәсілімен немесе қолдан жасалған балық аулайтын, түйінді қоспағанда, балық аулайтын аудың кез-келген жаңаған түрі	Балық аулау тәсілі торлы қабырға түріндегі аулау құралын балықтардың қозгалу жолдарына қою арқылы жүзеге асырылады. Торлы қабыргалардан өтпекші болған балықтар торлы үяшықтарда тұрып қалады.	шектеусіз

6.	Жібінің диаметрі 0,3 миллиметр және ұяшықтарының мөлшері 80-160 миллиметр торының конструктивтік адымы 40-80 миллиметр синтетикалық нейлондық немесе басқа да полiamидті моножіптен жасалған ұяшықтайтын аулар	Күрма, ығызба, дрифтерлі және коршайтын ауларда қолданылатын әдістер	2024 жылғы 1 шілдеге дейін
7.	Тралдар	Балық аулау әдісі кеменің артындағы балық аулау құралын (трап) сүйрету арқылы жолда кездесетін балықты ұстауға негізделген.	шектеусіз
8.	Тастама жылымдар	Бұл тәсіл кезінде торлы кенеп су қоймасының бір бөлігіне лактырылып, кейін аулау құралы жағалауға немесе кеме бортына тартылады.	шектеусіз
9.	Су түбі жылымы	Балық аулау әдісі суқойманың түбіне торлы кенепті лактыруға негізделген. Іріктеу кеменің бортында жүзеге асырылады.	шектеусіз
10.	Коршайтын жылым	Бұл әдіс суқоймаларының айдынының ашық бөлігін балықпен бірге су бетінен түбіне дейін торлы қабырғамен коршауға негізделген. Процесс екі кемеден жүзеге асырылады. Тағы бір атауы – "аралық жылым".	шектеусіз
11.	Қалталы жылым	Негізгі айырмашылығы балық шоғырын қоршап алғаннан кейін торлы кенепті тартып алатын жылымның төменгі бөлігіндегі байлау кабелі. Ол негізінен үйірімен жүретін балық түрлерін аулау үшін қолданылады.	шектеусіз
		Балық аулау тәсілі мен жұмыс принципі тастама жылыммен бірдей.	

12.	Сүзекі, сұйретпе	Айырмашылығы шағын мөлшерінде (100 метрге дейін) және су қоймасының жағасына қолмен тартуында. Негізінен таяз және аумағы аз суқоймаларда қолданылады.	шектеусіз
13.	Борттық қапсырма, конустық аулар	Балық аулау әдісі балық аулау құралын кеменін бүйірінен балық шоғырларының астына түсіруге негізделген. Балық аулау принципі балықты тарту үшін жарық көздерін пайдалануға негізделген.	шектеусіз
14.	Күрма жылымдар, вентерлер	Балық аулау әдісі оның кері шығуын қыындаатын тар кіру түзілімдері бар ау құралдарына өздігінен кіруіне негізделген. Тұзактар екі топқа бөлінеді, біріншісі – күрма жылымдар, жоғары жағы ашық үлкен тұзактар. Екінші топ вентерлер – жоғары жағы ашық ұсақ тұзактар.	шектеусіз
15.	"Гигант" типті күрма жылым	Жоғарғы жағы ашық тұзак түрі. Балық аулау әдісі белгілі бір акваторияда көпбұрыш түріндегі торды стационарлық орнатуға негізделген. Аулауды шоғырландыру үшін бұрыштар алынбалы күттермен жабдықталған.	шектеусіз
16.	Шаян аулагыштар	Тәсіл бір немесе бірнеше өзара бөлшектенген торлы камераларға қорек үшін түсетін шаяндарды жинауға және ұстаяға негізделген, олардың кері бағытта шығуы тарылу әсерінен киынға соғады.	шектеусіз
		Бір жағынан жүктің (зәкірдің) көмегімен түпке бекітілген сымнан немесе лескадан тұратын ілмекті	

17.	Жайынды аулауга арналған арнайы құрал	кармақ, оның екінші ұшы су ағыны бойымен еркін козгалатын жем ілінген ілмекпен аяқталады.	шектеусіз
18.	Кеме балық сорғы қондырғысы	Сору биіктігі 6 метрге дейін және белсенді әрекет ету радиусы 0,35 метрге дейін орталықтанған сорғысы бар балық сорғы қондырғылары жарыққа тарту арқылы (килька, майшабақ) шоғырланған балықтарды аулау үшін қолданылады. Жарықпен тартылған балық сорғы қондырғысының гидродинамикалық өріс аймағына түседі және кеменің бортына сорылады.	шектеусіз
19.	Эрлифтерлі кеме қондырғысы	Кеме түріндегі балық сорғы қондырғысы ауаны қолданумен және балықты көтеру үшін газ-аяу қоспасын жасаумен ерекшеленеді.	шектеусіз

2 Тараяу. Балық аулаудың кәсіпшілік емес қуралдары

20.	Қалқымалы қармақ	Ілмек аулау құралы. Негізінен ашық сүкіймада қолданылады. Балық аулау әдісі ілмекке ілінген жеммен балықты тартуга негізделген. Балық аулау қалқымалы арқылы бақыланады, бул балықтың қалқыманы жұтқанын білдіреді де, содан кейін балықты шыгару керек.	шектеусіз
21.	Шыбындық қармақ	Шыбын аулау тәсілі су бетінен шыбындар, инеліктер түрімен қоректенетін балықтар үшін қалқымалы жемдерді пайдалану. Ол кішігірім өзендерде, шұңқырларда және күшті ағысы бар таяз жерлерде, көбінесе таулы жерлерде қолданылады.	шектеусіз

22.	Тұпті қармақ	Тұпті қармақ жылжымалы немесе стационарлық жүкпен, ілгектермен, сондай-ақ жемге арналған контейнермен жабдықталған. Ол ашық суда да, қыста да мұзда да кез келген қармақ түрімен қолданылады.	шектеусіз
23.	Тастама қармақ	Балық аулау әдісі ілмеккі ілінген жемді қолдануға негізделген (тірі жем, құрт, құрт, жүгері және т.б.) - ең көп таралған балық аулау қармағы.	шектеусіз
24.	Изеулік қармақ	Балық аулау әдісі жұмысқақ пластиктен немесе резенкеден жасалған "изеу" түріндегі сигнализаторды қолдануға негізделген. Ол негізінен қыста мұздан балық аулау кезінде қолданылады, бірақ ашық суда да қолдануға болады.	шектеусіз
25.	Шаян аулагыштар	Әдіс бір немесе бірнеше өзара бөлшектенген торлы камераларға қорек үшін түсетін шаяндарды жинауға және ұстаяға негізделген, олардың кері бағытта шығуы тарылу әсерінен қынға соғады. Шаян аулау саны бір балықшыға үш данадан аспауы керек.	шектеусіз
26.	Воблерлер	спиннинг арқылы балық аулауға арналған қатты денелі, көлемді жем.	шектеусіз
27.	Жерлица	Катушка немесе мотовиладан тұратын, аулау сигнализаторы және ілмектен тұратын балық аулаудың тірі жемге негізделген стационарлық құралы. Ол жыртқыш балықтарды (шортан, көксерке, үлкен алабұға) қыста аулау	шектеусіз

		үшін қолданылады. Әдіс-тірі жеммен ілмек орнатуға негізделген.	
28.	Кружки (үйірме)	Бұл әдіс жерлицаға аулаумен бірдей, бірақ ашық сукоймада қолданылады. Балық аулау өзегі бар мотовила-кружкадан, леска, сым, ілмектерден тұратын қармақпен тірі жемге аулауға негізделген.	шектеусіз
29.	Блесна (жылтырауық темір қармак)	Бұл бір немесе бірнеше ілгектер бекітілген пластина. Балық аулау тәсілі-балықтың судағы мінез-құлқына еліктеу. Негізінен жыртқыш балықтарға бағытталған.	шектеусіз
30.	Мормышка	Дәнекерленген ілгегі бар шағын металл жүктеме түріндегі жасанды жем.	шектеусіз
31.	Троллдар	Тролл - балық аулаудың негізгі элементтері табиғи немесе жасанды жеммен (блесна) балық аулау ілмектері болып табылатын кеменің артына тартылатын ілмекті балық аулау құралдары болып табылады.	шектеусіз
32.	Су астында аулауга арналған мылтық	Су астындағы аулау әдісі балықты мылтықпен капрон сымымен байланыстырылған жебемен атуға негізделген. Жеке және селективті балық аулауга арналған. Сығылған ауаның күші мен созылған резенкенің күшін қолданатын пневматикалық болып табылады.	шектеусіз

Ескерту:

1. Балық аулау жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалану, орындары мен мерзімдерін белгілеуге қойылған шектеулерге және тыйымдарға сәйкес белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін

пайдалану комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 190 бұйрығымен бекітілген "Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне № 11939 тіркелген) жузеге асырылады.

2. Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдары мен тәсілдері Тізбесінің 6-тармағы тек Маңғыстау облысы шегінде Каспий теңізінде қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК